



**Шаңғы роллерінен Батыс Қазақстан облысының
Күзгі чемпионатын өткізу туралы
Е Р Е Ж Е**

I. Жарыстың мақсаты мен міндеттері

- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Облыс тұрғындарын спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, шаңғы роллері спорты түрін дамыту және кеңінен тарату;
- Облыс құрама командасына спортшыларды іріктеу.

II. Өткізілетін орны және уақыты

Жарыс 2025 жылдың 10 – 12 қазан күндері Орал қаласы, «Орал» спорт клубының шаңғы трассасында (Шаған өзенінің оң жақ жағалауы) өтеді. Жарысқа тіркелу және алдын ала сұранысты 8777 706 76 65 номеріне ү.ж. 9 қазан күні сағ. 18:00 дейін жіберілуі керек. Жарыстың басталуы 11 қазан сағ. 10:00.

III. Жарысты өткізуге басшылық

Жарысты өткізу мен ұйымдастыру бойынша жалпы басшылықты БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы жүзеге асырады. Жарысты тікелей өткізу БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Жарыстың бас төрешісі: С.Хайруллин

Жарыстың бас хатшысы: И.Сағыналиев

IV. Жарысқа бағдарламасы

Жас ерекшеліктері	Ұлдар		Қыздар	
	Еркін	кросс	Еркін	кросс
2014 ж.т және одан кіші	2000 м	2000 м	2000 м	1500 м
2012-2013ж.т. (17-20 жас)	5000 м	3000 м	3000 м	2000 м
2010-2011 ж.т. (21-39 жас)	5000 м	3000 м	3000 м	2000 м

Командалық сында әр жас ерекшеліктеріне 1 спортшыдан жіберіледі. Жекелей сында қатысатын спортшыларға шектеу қойылмайды.
Әр команданың жетекшісі төрешілер алқасының отырысына жіберіп отырған мекеме басшысының қолымен, басылған мөрімен, дәрігердің рұқсатымен

бекітілген өтінімдерін тапсырулары тиіс. Болмаған жағдайда жарысқа жіберілмейді.

Жарысқа қатысу үшін спортшы мандаттық комиссияға төмендегі құжаттарды тапсырып, шарттарды орындауы тиіс:

- Міндетті түрде жеке куәлігі болуы тиіс;
- Жарыс бағдарламасын орындау үшін спорттық киім және шаңғы роллері каска, очки құралдары болуы шарт.

V. Жарыстың шығыны

Облыстық чемпионатқа қатысушы командалардың іссапар шығындары іссапарға жіберген ұйымдар және аудандар есебінен төленеді (жолақысы, тамақтану ақысы). Жарыс дипломдары, медальдары, төрешілік қызмет үшін төлем БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы есебінен.

VI. Жеңімпаздарды марапаттау

Жеке сынақта I, II, III орын алған қатысушылар дипломдармен және медальдармен марапатталады.